

«Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КЕАҚ

**MAJOR-MINOR БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ЕНГІЗУ
ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ**

Қызмет бабында пайдалануға арналған басылым

Ақтөбе, 2025 ж.

1. ӘЗІРЛЕНДІ

Академиялық сапаны арттыру
департаментінің директоры А.К. Байсарина

БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ

Ғылыми кеңес шешімі негізінде Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің Басқарма Төрағасы-Ректорымен (2025 жылғы «01» 07 № 12 хаттама)

2. ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ жаңасын ауыстырғанға дейін

3. НҰСҚАНЫҢ ОРНЫНА ЕНГІЗІЛДІ 12.08.2020 ж.

Осы Ереже Басқарма Төрағасы Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатынсыз басылым ретінде толық немесе ішінара көшіруге және таратуға болмайды.

Осы Ереже Басқарма Төрағасы Қ.Жұбанов атындағы АӨУ ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға берілуі мүмкін.

1 ҚОЛДАНУ АЯСЫ

1.1 Осы Ереже Қосымша білім беру бағдарламасы («Minor») бойынша негізгі ұғымдарды, форматты, ұйымдастыру тәртібі мен шарттарын айқындайды.

1.2 Осы Ережені құрылымдық бөлімшелердің басшылары, профессор-оқытушылар құрамы, қызметкерлер мен білім алушылар қолданады.

2 НОРМАТИВТІК ҚҰЖАТТАР

Осы ереже мынадай нормативтік құжаттарға сәйкес әзірленді:

2.1 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңы (15.03.2025ж. №172-VIII өзгерістерімен және толықтыруларымен).

2.2 «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011.04.20 №152 бұйрығы (24.03.2025 ж. №134 өзгертулер мен толықтырулармен).

2.3 Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы (24.06.2024 ж. №307 өзгерістермен және толықтырулармен).

2.4 Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы (04.03.2025 ж. №90 өзгерістермен және толықтырулармен).

2.5 2015 Еуропалық аударым және жинақтау жүйесін пайдалану жөніндегі Нұсқаулық (ECS).

3 НЕГІЗГІ ТЕРМИНДЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Осы Ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар пайдаланылады:

3.1 **Академиялық еркіндік** - білім алушылардың, оқытушылардың шығармашылық дамуы үшін жағдай жасау және оқытудың инновациялық технологиялары мен әдістерін қолдану мақсатында таңдау компоненті пәндері, оқытудың қосымша түрлері және білім беру қызметін ұйымдастыру бойынша білім беру мазмұнын дербес айқындау үшін оларға берілетін білім беру процесі субъектілерінің өкілеттіктерінің жиынтығы.

3.2 **Академиялық кезең (term)** - білім беру ұйымы үш нысанның бірінде дербес белгілейтін теориялық оқыту кезеңі: семестр, триместр, тоқсан.

3.3 **Академиялық кредит** – білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысының (жүктемесінің) көлемін өлшеудің бірыңғай бірлігі.

3.4 **ЖОО компоненті** (бұдан әрі ЖК) - білім беру бағдарламасын игеру үшін ЖОО-да дербес айқындалатын оқу пәндерінің және академиялық

кредиттердің тиісті ең төменгі көлемдерінің тізбесі.

3.5 Негізгі білім беру бағдарламасы (Major) (мажор) – негізгі құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушыларға оқу үшін анықталған білім беру бағдарламасы.

3.6 Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) - қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында оқу үшін білім алушылар айқындаған пәндер жиынтығы.

3.7 Жеке оқу жоспары - білім алушылардың білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы негізінде тәлімгердің көмегімен әрбір оқу жылына дербес қалыптастырылатын оқу жоспары.

3.8 Кредиттік оқыту технологиясы - академиялық кредиттерді жинақтай отырып, білім алушылардың пәндерді және (немесе) модульдерді зерделеу реттілігін таңдау және өз бетінше жоспарлау негізінде оқыту.

3.9 Кредит (Credit, Credit-hour)- білім алушының/оқытушының оқу жұмысының көлемін өлшеудің бірыңғай бірлігі.

3.10 Құзыреттіліктер - оқыту процесінде алған білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын кәсіби қызметте практикалық пайдалану қабілеті.

3.11 Таңдау компоненті - оқу пәндерінің тізімі және университет ұсынатын академиялық кредиттердің тиісті минималды көлемі, олардың пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып, кез-келген академиялық кезеңде студенттер өз бетінше таңдайды.

3.12 Модуль - білім беру бағдарламасының дербес, оқу нәтижелері тұрғысынан аяқталған құрылымдық элементі, білім алушылардың нақты тұжырымдалған білімі, іскерлігі, дағдылары, құзыреттілігі және барабар бағалау критерийлері бар.

3.13 Модульдік білім беру бағдарламасы - білім алушылардың белгілі бір дәреже және/немесе біліктілік алу үшін қажетті негізгі құзыреттерді меңгеруіне бағытталған оқу модульдерінің жиынтығын қамтитын оқыту бағдарламасы.

3.14 Модульдік оқыту - білім беру бағдарламасын, оқу жоспарын және оқу пәндерін модульдік құру негізінде оқу процесін ұйымдастыру тәсілі.

3.15 Тіркеушінің кеңсесі (бөлімі, секторы) – білім алушының оқу жетістіктерінің бүкіл тарихын тіркеумен айналысатын және білімді бақылаудың барлық түрлерін ұйымдастыруды және оның академиялық рейтингін есептеуді қамтамасыз ететін Академиялық қызмет.

3.16 Постреквизиттер (Postrequisite) – белгілі бір пәнді (немесе модульді) меңгергеннен кейін игерілуі тиіс пәндер мен оқу жұмыстарының түрлері.

3.17 Пререквизиттер (Prerequisite) (пререквизит) – оқытылатын пәнді және (немесе) модульдерді игеру үшін қажетті білімді, іскерлікті, Дағдылар мен құзыреттерді қамтитын пәндер және (немесе) модульдер және оқу жұмысының басқа да түрлері.

3.18 Оқу модулі - білім алушылардың нақты оқу нәтижелерін игеруіне бағытталған білім беру бағдарламасының құрылымдық элементі, оның ішінде олар алған құзыреттер толығымен немесе ішінара қалыптасады.

3.19 Элективті пәндер - белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде ЖОО компоненті мен таңдау компонентіне кіретін және білім беру ұйымдары енгізетін, білім алушының жеке дайындығын көрсететін, нақты өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшелігін және қажеттіліктерін ескеретін, қалыптасқан ғылыми мектептер.

4 ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы Ережеде мынадай қысқартулар пайдаланылады:

ББ - білім беру бағдарламасы;

ЖК - ЖОО компоненті;

ТК - таңдау компоненті;

МЖМББС - ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты;

ECTS - кредиттерді жинақтау мен трансферттеудің Еуропалық жүйесі;

ЖОЖ - жеке оқу жоспары;

БП - базалық пәндер;

КП - кәсіптендіру пәндері.

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕ

5.1 Негізгі («Major») және қосымша («Minor») білім беру бағдарламаларын (бұдан әрі - ББ) қалыптастыру білім алушыларға негізгі білім беру бағдарламасымен қатар қосымша құзыреттер алуға мүмкіндік береді.

5.2 Негізгі білім беру бағдарламасы («Major») - негізгі құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушыларға зерделеу үшін айқындалған білім беру бағдарламасы.

5.3 Қосымша білім беру бағдарламасы («Minor») - қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушылар зерделеу үшін айқындаған пәндер және (немесе) модульдер және оқу жұмысының басқа да түрлерінің жиынтығы.

5.4 Негізгі («Major») және қосымша («Minor») бағдарламаларды игеру кезінде білім алушының тиімді жұмысқа орналасу мүмкіндігі бар, сондай-ақ бітірушінің бәсекеге қабілеттілігі артады.

5.5 Қосымша білім беру бағдарламасы («Minor») сабақтас немесе бейіндік ББ бойынша қосымша құзыреттерді қалыптастыру, сондай-ақ білім алушының жеке қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жүзеге асырылады.

5.6 «Minor» бағдарлама пәнаралық және құзыреттілік көкжиегін кеңейтуді, негізгі бағыттан тыс өзара байланысты пәндерден қосымша бейінді көздейді.

6 НЕГІЗГІ «MAJOR» ЖӘНЕ ҚОСЫМША «MINOR» БАҒДАРЛАМАЛАРЫМЕН БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРТІБІ

6.1 Негізгі («Major») және қосымша («Minor») бағдарламалары бар білім беру бағдарламасы өңірлік еңбек нарығының қажеттілігіне және

жоғары білікті кадрлардың сұранысына сәйкес құрылады.

6.2 Негізгі («Major») және қосымша («Minor») бағдарламалары бар білім беру бағдарламасын жұмыс берушілер мен студенттердің қатысуымен тиісті кафедралар әзірлейді.

6.3 Қосымша ББ («Minor») бойынша білім беру бағдарламасы негізгі ББ («Major») үшін бейінді емес болып табылатын өзара байланысты пәндерден қалыптастырылады.

6.4 Негізгі «Major» бағдарламасы балама модульдерде қалыптасады.

6.5 Негізгі білім беру бағдарламасы («Major») бойынша пәндерді таңдау және игеру тәртібі Пререквизиттер - Постреквизиттер қағидаттарына негізделеді.

6.6 «Minor» пәндері бағдарламалар ЖОО компоненті ретінде де, таңдау компоненті ретінде де анықталады.

6.7 Бағдарламаның «Minor» пәндері жалпы модульдерде көрсетілуі немесе жеке модульдер құрауы мүмкін.

6.8 Қосымша «Minor» бағдарламасы бойынша кредиттер көлемі 20-дан 30 кредитке дейін құрайды. Бұл ретте бағдарламаның қосымша «Minor» пәндерін білім алушылар ЖОО компоненті (ЖК) және таңдау компоненті (Ш) пәндері шеңберінде зерделейді, олардың көлемі негізгі ББ бойынша тиісті дәреже беру үшін қажетті академиялық кредиттердің (240 кредит) жалпы көлеміне кіреді.

6.9 «Major» және «Minor» бағдарламаларын меңгерген студентке балдық-рейтингтік жүйе бойынша оқу жетістіктерінің бағалары, академиялық кредиттер мен сағаттарда зерделенген пәндердің көлемі көрсетілген диплом және қосымша (транскрипт) беріледі.

6.10 Дипломға (транскриптке) қосымшада 16-тармақта негізгі «Major» және қосымша «Minor» ОП атауы көрсетіледі.

6.11 Негізгі «Major» және қосымша «Minor» бағдарламалары бар білім беру бағдарламасы Университеттің Ғылыми кеңесінің шешімімен бекітіледі және ББ Ұлттық тізіліміне енгізіледі.

7 «MINOR» ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТӘРТІБІ

7.1 «Minor» пәндері екінші және одан жоғары курстарда оқытылатын модульдерді құрайды. Пәндер модульдері "пререквизит-постреквизит" қағидаттарында қалыптастырылады.

7.2 «Minor» бағдарламасы бойынша пәндерді оқуға бөлінетін кредиттердің жалпы көлемі бағдарламаның «Major» жалпы көлемінен (240 кредит) 20-30 кредитті құрауы тиіс. Білім алушы университетті оқыту шеңберінде (2-ден 4-ке дейін оқу курсы) қосымша білім беру бағдарламасы бойынша кемінде 20 және 30-дан аспайтын академиялық кредитті меңгеруге міндетті

7.3 «Minor» бағдарламасын әзірлеу кезінде жауапты кафедралардың оқытушылары, жұмыс берушілер мен студенттер қатысады.

7.4 «Minor» бағдарламасы бойынша пәндердің сипаттамасы пәндер

каталогында орналастырылады («Платонус»).

7.5 Білім алушы академиялық жазба кезеңінде ұсынылған каталогтан бағдарламаның «Міног» пәндерін құрайтын модульдерді дербес таңдайды.

7.6 «Міног» қосымша білім беру бағдарламасының пәндері кафедра сағаттарының есебіне енгізіледі және жалпы кестеге енгізіледі.

8 ӨЗГЕРТУ ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАР

8.1 Осы Ережені Ғылыми кеңестің шешімі негізінде университет ректоры бекітеді және оған қол қойылған сәттен бастап күшіне енеді.

8.2 Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу білім беру саласындағы заңнамалық актілерге, нормативтік құжаттарға және ЖОО ішіндегі ережелерге сәйкес жүргізіледі.

8.3 Өзгеріс болған жағдайда, университетте күші жойылған Ереженің барлық даналары алынып, жаңаларына ауыстырылуы тиіс.